2011 жылғы 20 сәуірде «Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің VI съезінде жаңа редакцияда қабылданды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 11 ж. «27» мамыр ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 2065-1900-ҚБ
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. «22» қаңтар

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 11 ж. «27» мамыр ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 920140000629
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. «22» қаңтар

Астана қаласы

сәуір, 2011 жыл

I. Жалпы ережелер

1.1. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасымен құрылды.

1.2. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.3. Жарлықтың күші Қазақстан Республикасының аумағында қызмет істейтін және құрылатын құрылымдық бөліністердің – филиалдардың қызметіне қолданылады. Жоғарғы органдардың шешімдері төменгілерге орындауға міндетті болып табылады.

1.4. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа да заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтасуға және өзара әрекет етуге, олармен келісім, шарт жасасуға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған белгілі бір жұмыстарды орындауға құқылы.

1.5. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазақстан Республикасының барлық облыстарында құрылымдық бөліністері бар.

1.6. Ұйымның толық атауы:

қазақ тілінде: « Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі.

орыс тілінде: Республиканское общественное объединение «Ардагерлер ұйымы».

қысқартылған атауы – «Ардагерлер ұйымы» РҚБ.

1.7. Заңды мекенжайы: 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік к-сі, 11- үй 123-кабинет.

II. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдық-құқықтық нысаны

2.1. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і Қазақстан Республикасының соғыс, еңбек ардагерлерінің басқа да санаттағы барлық зейнеткерлерінің қоғамдық бірлестігі нысанындағы коммерциялық емес ұйымы болып табылады.

2.2. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметі оның барлық мүшелерінің еріктілігі, тең құқықтығы, өзін-өзі басқару, заңдылық, есеп беру және қызметінің жариялылығы қағидаттарына негізделеді.

2.3. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелгеннен кейін заңды тұлға болып табылады және мерзімі шектеусіз құрылған болып есептеледі, меншігінде жекелеген мүліктері бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүліктерге жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелер иелене және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.

III. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің мақсаты, қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3.1. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің мақсаты ардагерлердің лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, олардың қоғамның қоғамдық өміріне қатысуын қамтамасыз ету, республика ардагерлерінің (зейнеткерлерінің) құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметінің мәні:

1) ардагерлер өмірінің материалдық және тұрғын үй жағдайларын, мәдени-тұрмыстық, медициналық және қызмет көрсетудің басқа да түрлерін жақсарту;

2) зейнеткерлік қамсыздандыру туралы заңнаманы әзірлеуге, оны жетілдіруге, ардагерлердің жеңілдіктері туралы заңнамалық актілерді әзірлеуге қатысу;

3) ардагерлердің оқу орындарында, ұжымдарда, әскери бөлімдерде жастарды ата буынның жауынгерлік және еңбек даңқ дәстүрінде, ата-бабамыздың халықтық дәстүрінде тәрбиелеу жұмысына қатысу. Жастарға қазақстандық патриотизм сезімде тәрбие беру;

4) мұражайлар, ескерткіштер мен мемориалдар құру және сақтау арқылы Отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау;

5) қоғамда ұлтаралық және дінаралық келісімді, тұрақтылықты нығайту жөніндегі жұмыстарға қатысу;

6) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент және маслихаттар депутаттығына халықтың, әсіресе ата буынның өмірін жақсартуға бағытталған, өмірде әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуге қабілетті үміткерлерді сайлауға ұсыну және қолдау;

7) халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту мақсатында басқа да ардагерлер ұйымдарымен халықаралық байланысты дамыту болып табылады.

3.2. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген құзыреті шегінде әрекет ететін өзінің жетекшілік ететін басқару органдары арқылы міндеттерді алады және құқыққа ие.

3.3. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде есеп шоттарын ашуға;

2) мөрлері мен мөртаңбалары және ұйымның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы жазылған бланкілері болуға;

3) меншігінде жеке мүлкі, сондай-ақ дербес балансы және сметасы болуға;

4) мүліктік немесе мүліктік емес құқық алуға және жүзеге асыруға;

5) ассоциациялар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;

6) Жарлықта көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақшалай қаражаттарды пайдалануға;

7) өз қызметі туралы ақпараттар таратуға;

8) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;

9) соттарда, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ардагерлердің заңды мүдделерін қорғауға және білдіруге;

10) сотта талапкер және жауапкер болуға;

11) бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

12) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар мен шерулер өткізуге;

13) баспа қызметін жүзеге асыруға және өз баспа органын ұстауға;

14) халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдарға кіруге;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құзыреттілікті жүзеге асыруға құқылы;

3.4. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, сондай-ақ Жарғымен көзделген ережелерді сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуге;

3) өз міндеттілігі бойынша тиесілі барлық мүліктермен жауап беруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болуға;

5) ардагерлерді, олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен танысуға мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге міндетті.

IV. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігіне мүшелік, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-і мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

4.1. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-не зейнеткерлік жасқа жеткен, Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының Жарлығын мойындайтын және оның талаптарын орындайтын Қазақстан Республикасының кез келген азаматы мүше бола алады.

4.2. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-не мүшелікке қабылдауды ардагердің өзінің ауызша немесе жазбаша өтініші бойынша бастауыш ардагерлер ұйымының жиналысы жүзеге асырады.

4.3. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің кез келген мүшесі бастауыш ардагерлер ұйымына жазбаша өтініш бере отырып, оның құрамынан шығуға құқылы.

4.4. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің мүшесі:

1) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің басқару органдарына, бақылау органына ұсынуға, таңдауға және сайлануға;

2) жиналыстарға, пленумдарға, конференцияларға, съездерге қатысуға, оларда және сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында «Ардагер» РҚБ қызметінің мәселелерін талқылауға;

3) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің кез келген инстанциясына өтініш білдіруге;

4) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметі туралы ақпарат алуға құқылы.

4.5. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің мүшесі:

1) осы Жарғының талаптарын, сондай-ақ «Ардагерлер ұйымы» РҚБ басқару органдарының шешімдерін орындауға;

2) бастауыш ардагерлер ұйымының бірінде есепте тұруға, олардың жұмысына қатысуға міндетті.

V. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің құрылымы, құрылу тәртібі, басқарушы органдар өкілеттігінің құзыреті мен мерзімі

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің съезі

5.1. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жоғарғы басқарушы органы болып съезд табылады, ол кемінде бес жылда бір рет шақырылады.

Съездің шақырылуы, өтетін орны, күн тәртібі, өкілеттіктердің нормалары туралы Орталық кеңес съезд ашылардан үш айдан кешіктірмей жариялайды.

Кезектен тыс (төтенше) съезд Орталық кеңестің бастамасымен немесе оның филиалдарының көпшілігінің талаптары бойынша шақырылады.

5.2. Егер съезге сайланған делегаттардың жартысынан астамы қатысса, съезд заңды деп есептеледі. Шешімдер оның жұмысына қатысатын делегаттардың қарапайым түрде көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру тәртібін съезд белгілейді. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ–н қайта құру және таратып жіберу мәселелері бойынша шешімдер съезд делегаттарының үштен екі дауыстарымен қабылданады.

5.3. Съездің ерекше құзыретіне жататын мәселелер:

1) Жарғыны қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;

4) атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсынудың тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін айқындау және олардың нәтижелерін бекіту туралы;

5) заңнамалық актілерде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

6) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің және Орталық ревизиялық комиссиясының есептерін тыңдау, олардың жұмыстарын бағалау;

7) облыстық, Астана және Алматы қалалық, аудандық, қалалық және бастауыш ардагерлер ұйымдары - филиалдары туралы, ревизиялық комиссиялар туралы ережелерді бекіту;

8) алдағы есептік кезеңге «Ардагерлер ұйымы» РҚБ қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

9) ардагерлер ұйымдары қызметінің басқа да маңызды мәселелерін қарау жатады.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің Орталық кеңесі

5.4. Съездер арасындағы кезеңде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің басқару органы болып, съезде дербес құрамы 5 (бес) жылға сайланатын Орталық кеңес табылады.

5.5 Орталық кеңес съезд шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, филиалдар қызметін үйлестіреді.

Съездер арасындағы кезеңде Орталық кеңес толықтыру арқылы өз құрамын жаңартуы мүмкін. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ кеңестерінің құрамдарын толықтыру құқығы барлық деңгейдегі кеңестерге беріледі.

5.6. Орталық кеңес съездер арасындағы кезеңде пленарлық отырыстар (Пленумдар) өткізеді, онда:

1) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ съезінің, оның ішінде кезектен тыс шақырылымы туралы мәселелерді қарастырады, өкілдіктердік нормаларын және съезге делегаттарды сайлау тәртібін белгілейді;

2) 5 (бес) жыл мерзімге құрамында төрағасы, оның орынбасары, жауапты хатшысы және мүшелердің Пленум айқындаған саны бар Төралқаны сайлайды;

3) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің басқа да мәселелерін қарайды.

5.7. Пленум жылына кемінде бір рет өткізіледі. Егер оның жұмысына Орталық Кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қатысса Пленумның отырысы заңды деп есептеледі. Шешімдер қарапайым түрде көпшілік дауыспен және ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Орталық кеңес Төралқасы

5.8. Орталық кеңестің тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы Төралқа болып табылады, оны Пленум Орталық кеңестің мүшелерінің арасынан 5 (бес) жыл мерзімге сайлайды.

5.9. Төралқаның отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. егер оның отырысында Төралқа мүшелерінің жалпы құрамының жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі. Шешімдер қарапайым түрде Төралқа мүшелерінің көпшілік дауысымен және ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

5.10. Орталық кеңесі Төралқасының өкілеттігі:

1) Орталық кеңестің Пленумдарын шақырады;

2) Съезд және Пленумдардың шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

3) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің жарғылық мақсаттарын іске асыру және орындау жөніндегі іс-шараларды бекітеді;

4) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің бюджеті мен оның орындалуы туралы есебін бекітеді;

5) тұрақты комиссиялар құрады және олардың жұмысын тыңдайды;

6) ардагерлер қозғалысының проблемаларын шешу және ардагерлерді әлеуметтік қорғау жөніндегі олардың жұмыс практикасы туралы филиалдар басшыларының есептерін тыңдайды;

7) заңды тәртіппен белгіленген заңды тұлғаның құқығына ие коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына қатысады;

8) ардагерлер (зейнеткерлер) өмірі мен қызметін әлеуметтік қорғау және басқа да проблемалары жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар мен өтініштерді қарайды және Қазақстан Республикасының Парламентіне, Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

9) Республикада қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал жөніндегі «Ардагер» РҚБ-нің ұстанымын айқындайды;

10) Съездің, Пленумдардың шешімдерін және Жарғы ережелерін іске асыру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

11) филиалдардың қызметін зерделейді және талдайды, ардагерлерді әлеуметтік қорғау жөніндегі алдыңғы қатарлы тәжірибені жинақтайды және таратады;

12) алдыңғы қатарлы ардагерлер ұйымдары кеңестері базасында ардагерлер қозғалысы активінің оқу семинар-кеңестерін өткізеді;

13) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, соғыс және еңбек ардагерлерінің материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі республикалық рейдтер өткізеді;

14) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.11. Орталық кеңес Төрағасының өкілеттігі:

1) Орталық кеңесіне және оның Төралқасына басшылық етуді жүзеге асырады және жұмысын ұйымдастырады;

2) мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа да заңды және жеке тұлғалармен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауда Орталық кеңестің мүддесін білдіреді.

3) ақшалай қаражатқа иелік етеді, қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие, банк мекемелерінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің есептік шоттарын ашады және жабады;

4) штаттық кестені бекітеді, Орталық кеңес аппаратына кадрларды іріктейді және орналастырады;

5) «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің атынан қайта сенім білдіру құқысымен сенім хаттар береді;

6) Орталық кеңестің алдында өз қызметі туралы есеп береді;

7) орынбасарының және Орталық кеңес жауапты хатшысының өкілеттігін айқындайды;

8) Жарғыдан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

<u>Облыстық, қалалық, аудандық филиалдары, бастауыш ұйымдардың филиалдары</u>

5.12. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің құрамында құрылымдық бөліністері – облыстық, Астана мен Алматы қалаларының, аудандық, қалалық және бастауыш ардагерлер ұйымының филиалдары бар.

5.13. Филиалдардың құқықтық жағдайын, олардың басқарушы органын сайлау мерзімі мен тәртібін«Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің съезі бекіткен Ережелер айқындайды.

5.14. Филиалдар заңды тұлғалық құқықтарға ие емес, және барлық әрекеттерді «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің атынан жасайды. Филиалдар территориялық әділет органдарында есептік тіркеуден өтуге тиісті.

Тексеру комиссиясы

5.15 Съезд 5 (бес) жылға сайлайтын және тек оған есеп беретін Орталық тексеру комиссиясы «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің жоғары бақылау органы болып табылады.

5.16. Тиісті конференциялар, жиналыстар сайлайтын және оған ғана есеп беретін тексеру комиссиялары облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш ұйымдар филиалдарының бақылау органдары болып табылады.

5.17. Тексеру комиссияларының құзыретіне:

1) ардагерлер ұйымының қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;

2) ардагерлер ұйымдарындағы ардагерлердің (зейнеткерлердің) хаттарымен, өтініштерімен, арыздарымен жұмысын тексеру;

5.18. Тексеру комиссиялары туралы Ережені «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің съезі бекітеді.

Төрағa, оның орынбасары және тексеру комиссияларының мүшелері тиісті ардагерлер кеңестері Пленумдарының жұмысына қатысады және кеңестік дауыс құқығы бар.

VI. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің мүлкін және ақшалай қаражатын қалыптастыру көздері

6.1. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің ақшалай қаражаты ерікті жарналар мен қайырымдылықтан, өндірістік, баспагерлік және өзге де шаруашылық қызметтен түсетін табыстан, мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардан, дәрістер өткізуден, көрмелерден, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да түсімдерден қалыптасады.

6.2. Жарғылық қызметін, қайырымдылық шараларын қаржыландыру, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени қажеттіліктерді қаржыландыру үшін Орталық кеңес пен «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің филиалдары көрсетілген мақсаттарға арнайы орталықтандырылған қорлар құрылуы және пайдалануы мүмкін.

6.3. Ақшалай қаражатты пайдалану тәртібін Орталық кеңес пен оның филиалдары айқындайды.

6.4. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті өз қаражаты есебінен алынған және құрылған, сондай-ақ ұйымға оның бұрынғы заңды тұлғалары берген ғимараттар, тұрғын үй қоры, жабдық, құрал-сайман, көлік құралдары мәдени ағарту және сауықтыру мақсатындағы мүліктер ақшалай қаражат, акциялар, құнды қағаздар, өзге де мүліктер «Ардагер» РҚБ-нің меншігі болып табылады.

6.5. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ заңнамамен айқындалған тәртіпте өндірістік, шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырады, жарғылық мақсаттарды орындау үшін заңды тұлғаның құқығына ие шаруашылық субъектілерін құрады.

6.6. Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының меншігі біртұтас және бөлінбейді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

6.7. Ардагерлер ұйымдарының өндірістік және шаруашылық қызметінен түскен кірістер осы ұйымдар мүшелерінің арасында бөлінбейді және жарғылық міндеттерді орындау үшін пайдаланылады. Қаражатты қайырымдылық мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі.

6.8. Филиалдардың өзінің жеке мүлкі жоқ. Барлық мүліктер заңды тұлға - «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-не тиесілі.

VII. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің халықаралық байланыстары

7.1. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан Орталық кеңесі жарғылық мақсаттарға сәйкес тікелей халықаралық қарым-қатынас және байланыстарды қолдауға, Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіппен тиісті келісімдер жасауға құқылы.

7.2. «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық республикалық бірлестігі шет мемлекеттердің ардагерлері ұйымдарымен байланыс орнататын, «Тәуелсіз Мемлекеттердің ардагерлері (зейнеткерлері) қоғамдық ұйымдарының достастығы» Халықаралық одағының мүшесі болып табылады.

VIII. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

8.1. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар оның жоғарғы органы – съездің шешімі бойынша енгізіледі.

IX. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметін тоқтату тәртібі туралы

9.1. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің қызметі съезд шешімімен ол қайта ұйымдастырылған не ерікті түрде немесе соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп таратылған жағдайда тоқтатылуы мүмкін, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

9.2. Қайта ұйымдастырылған «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің мүлкі соңғының заңмен бекітілген тәртіпте тіркеуден өткен сәттен бастап құқықтық мирасқорына өтеді.

9.3. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ-нің таратылған жағдайда қалған мүлкі Жарғыда көрсетілген мақсаттарға сәйкес пайдаланылады.

Астана қаласы 2011 жылғы сәуір

на 16 листах

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН,

БАРЛЫҒЫ 16 ПАРАҚ

20 11 ж. «27» мамыр

РОО
«ОРГАНИЗАЦИЯ
ВЕТЕРАНОВ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АСТАНА Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Г. АСТАНА ОБЩЕСТВЕННОЕ
ОРГАНИЗАЦИЯ
ВЕТЕРАНОВ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН